● СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Отбасындағы тәрбиеден басталады

Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болғандықтан, бұл мәселе әрқашан Мемлекет басшысының назарында. Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы дәстүрлі Жолдаулары қоғам мен мемлекетті заман талабына сай дамытуға, қазақстандықтарды жаңа белестерді бағындыруға, ортақ мақсатқа топтастыруға бағытталған. Елбасының қоғамда заң үстемдігін нығайтып, әрбірімізді сыбайлас жемқорлықпен күресуге шақыруы жарқын болашақтың тұғырын нықтау жолындағы маңызды қадамдарының бірі деуге болады.

Жасыратыны жоқ, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендетіп, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні және халықтың заң мен әділдікке, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Сондықтан ең алдымен қоғамның жегі құртына айналған жемқорлықты тізгіндеп, оны ауыздықтаудың жолдарын қатаң қадағалауымыз қажет. Онымен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас елдің міндетіне айналуы тиіс.

Бүгінгі таңда елдегі жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасалуда. Алайда басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күресуге аударылып отыр. Сондықтан Елбасымыз биылғы Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттілігін атап көрсетті.

Жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Бұл орайда, «Отан – отбасынан басталады» деп бекерге айтылмағанын естен шығармау керек. Ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін немесе пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала бұл жағдайды орынды, солай болуы тиіс деп түсінеді. «Не ексең, соны орасың» дегендей, есейгенде ол бала қандай адам болып шығады? Қалтасының қамын ғана ойлайтын парақор бола ма? Әлде тәуелсіз еліміздің нығаюына өз үлесін қосатын, патриоттық сезімді барынша бойына терең сіңірген, ел дамуының ұйтқысы болатын нағыз ел азаматы шыға ма? Сондықтан әрбір отбасы осы мәселеге ерекше мән бергені абзал. Ата-ананың бүгін жіберген қателіктің орнын ертең толтыра алмайтынын елемеуі балаға жасар қиянат болар еді. Отбасындағы тәрбиенің ұрпақтың келешегіне, бүтін бір ұлттың болашағына қатысы барын әркім түсіне білуі тиіс. Отбасында дұрыс тәлім-тәрбие алған, болашағына сенім артқан жастар қашанда ел үшін, ұлт үшін жан аямай еңбектенеді, алға ұмтылады, жаңа идеяларды өмірге әкеледі, өнегелі бастамалардан үлгі алады.

Мұқтар Төлегенұлы,
Шығыс Қазақстан облысы бойынша
қазынашылық департаментінің басшысы

● КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Түсіндіру жұмыстарын күшейттік

2012 жылы тамыздың 28-де «Кәсіби және басқа мерекелер туралы» заңға Президент қаулысымен өзгерістер енгізіліп, 30 қыркүйек ресми түрде әділет органдары қызметкерлерінің күні деп бекітілді.

Аумақтық әділет органдарының негізгі қызметі – заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың нормативтік-құқықтық актілерін тіркеу, зияткерлік меншік құқығын қорғау, заңнамалармен жүктелген құқықтық көмек көрсету және құқықтық насихат жүргізу. Осыған орай Өскемен қалалық әділет басқармасы халық ең көп келіп, өтініш білдіретін мемлекеттік орган болып саналады.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын көтеріп, азаматтарға жеңілдетілген әрі жедел қызмет ұсыну – басқарманың басты міндеті. Мемлекеттік қызметтердің көп бөлігі баламасыз Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жүзеге асырылатындықтан, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру, өзара іс-қимылды жетілдіру мақсатында аталмыш орталықтардың қызметкерлері үшін оқыту семинарлары ұйымдастырылуда.

Сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаты мен мәдениетін көтеру, ақпараттандыру күн тәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі деп айтуға болады. Басқарма құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру кезінде санға емес, сапаға мән береді. Айта кетсек, ағымдағы жылдың 9 айында басқарма мамандарының ұйымдастыруымен қаладағы мемлекеттік мекемелермен, жоғары, арнайы орта және орта оқу орындарында 28 дөңгелек үстел, 31 семинар өткізіліп, 327 дәріс оқылды, тоғыз ашық есік күні, ақпараттық-насихат топтарының қала тұрғындарымен 33 кездесуі өткізілді, БАҚ беттерінде тоғыз, департамент веб-сайтында 81 мақала жарияланды.

Сондай-ақ басқарма мамандары мұқтаж тұрғындарға қайырымдылық көмек қолын созуға да әрқашан әзір. Атап айтсақ, біздің басқарма үшін «Мектепке жол» акциясы дәстүрге айналған, жыл сайын оқу жылына дайындық уақытында материалдық көмекке зәру балаларға басқарма тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Мамандарымыз облыстық «Балалар ауылы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту-тәрбиелеу орталығы» мекемелерінің тәрбиеленушілерімен және де соғыс ардагерімен кездесіп, мерекелік сыйлықтар табыстап отырады.

Басқарма қызметкерлері ведомствоның қызметін жақсарту, беделін арттыру бағытындағы жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, бірқатары Әділет министрлігінің және облыстық әділет департаментінің, қалалық әкімдік пен мәслихаттың марапаттарына ие болып отыр.

Осы күні әділет органдарының қызметкерлері мен ардагерлерін мерекелерімен құттықтап, жеке бастарына зор денсаулық және отбасыларына бақ-дәулет тілегім келеді.

Айдын Әмірханов,
Өскемен қалалық әділет басқармасының
басшысы

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне «Қарттарым – асыл қазынам» атты ҮНДЕУ жариялаймыз

Қадірлі отандастар!

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Бұл күн қарттарымызға, олардың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне әрі мемлекетіміздің қалыптасуына қосқан зор үлестеріне сый-құрмет көрсету мақсатында Қазақстанда да жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтіледі.

Үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді. Әрбір азаматтың қартайған кезіндегі өмірін лайықты ету – мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басты бағыттарының бірі. Осының айқын дәлелі ретінде мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа дәстүрлі Жолдауында көтерілген міндеттердің бірі зейнетақы мөлшері жылдан-жылға артып келеді.

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне берілетін арнайы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері ұлғайды. Қарттар үшін мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған игілікті істер жалғасуда.

2018 ж. наурыз айының басында Қазақстан Республикасы Парламент Палаталары мен Үкіметтің бірлескен отырысында Елбасымыз еліміздің әлеуметтік жаңғыруы жолында жаңа, ауқымды қадам жасауға шақырып «бес әлеуметтік бастамадан» тұратын үндеуін жариялады. Олардың қатарында баспана алудың жаңа мүмкіндіктері, жалақысы төмен жұмысшылардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, шағын несие беруді көбейту, елді газбен қамтамасыз ету мәселелері бар. Қазіргі уақытта Үкіметте Президенттің 5 әлеуметтік бастамасын іске асыру жөнінде Жол картасы қабылданды.

«Мемлекеттің болашағы - жастардың қолында. Жастар - ел ертеңі» дейміз. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас буынға үлгілі, өнегелі тәрбие беру, елжандылыққа баулу – мемлекеттік жастар саясатының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, еліміздің жас азаматын отансүйгіштікке тәрбиелеу мен белсенді өмір ұстанымын қалыптастыруда ардагер ата-апаларымыздың өмірі мен еңбек жолдары үлгі.

Жастық шақтарын еліміздің гүлденуі мен өркендеп дамуына арнап, маңдай терлерін төккен аталар мен әжелерге құрмет көрсету – бүгінгі жас буынның басты парызы. Осы бағытта көмекке мұқтаж қарттарымызды ел болып қамқорлыққа алайық. Халқымызда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген жақсы мақал бар. Ендеше жұмыла қимылдап, елдігімізді көрсетейік, ардагерлерімізді ардақтайық!

Қадірлі отандастар!

Баршаңызды 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай, өз өңірлеріңіздегі ардагерлер ұйымдарымен байланыс жасап, халқымызға тән адамгершілікпен қамқорлыққа зәру адамдарға көмек көрсетуге шақырамыз.

Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесі

Мемлекеттік қызметшінің этикасы

Соңғы кезде қоғам тарапынан, оның ішінде әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшілердің этикаларына қатысты көптеген жағымсыз пікірлер айтылып жүр. Мемлекеттік қызметші халық пен мемлекет арасындағы көпір іспеттес. Кез келген мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Алайда, кейбір мемлекеттік қызметшілер өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде, немесе жұмыстан тыс уақытта кейбір құқықбұзушылықтарға жол беріп жатады. Осындай фактілердің болуы қоғам тарапынан мемлекеттік қызметшілердің портретіне жағымсыз сипат беруге жол береді. Яғни, халықтың сенімі жоғала бастайды. Сондықтан мемлекеттік қызметке келген барлық мемлекеттік қызметші ең бірінші мемлекет, оның ішінде өзі қызмет ететін мемлекеттік органның беделін түсірмеуді алдыға қоюы керек, өзінің жағымды этикалық келбетін жасауға, ұжымда моральдық-оң климат құруға, қызметтен тыс уақытта өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге, асыра пайдаланбауға, қоғамда талқыға түсетін ерсі іс-әрекеттер жасамауға тиіс. Осы ретте, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен аталған проблемалар аясында жүйелі түрде семинарлар, дөңгелек үстелдер, оқытулар ұйымдастырылады. Әрбір мемлекеттік органда әдеп жөніндегі уәкілдер тағайындалып, белгіленген заңнамаға сәйкес жұмыстар атқарылуда. Осындай жұмыстар ШҚО Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасында да жүйелі түрде атқарылады. Басқарма облыс бойынша мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып табылады және коммуналдық мүлікті басқару, иелік ету қызметтерін атқарады. Аталған қызметтердің барлығы «Мемлекеттік сатып алу Веб-порталы» және «Мемлекеттік мүліктің бірыңғай тізілімі» автоматтандырылған жүйелерінде жүзеге асырылады. Бұл басқарма жұмысының объективті, ашық атқарылуының басты кепілі. Ұжымда оң психологиялық-моральдық климат қалыптасқан. Соңғы үш жылда тәртіптік жазаға тартылған қызметкерлер жоқ, қоғам, басқа мемлекеттік органдар тарапынан да қызметкерлердің іс-қимылдарына қатысты шағымдар болған жоқ. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыпстастыру бойынша да жұмыстар дұрыс жолға қойылған. Бұлардың барлығы ең алдымен басшының ұжыммен жұмыс жасаудағы біліктілігі мен кәсіби білімінің жоғарылығына тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметшінің әртүрлі кәсіби сұрақтарды шешудегі адалдығы мен әділдігі, қайырымдылығы мен байсалдылығы, әріптестермен өзара қарым-қатынаста да, жұмыс барысы немесе жеке мәселемен келген сырт адамдармен қатынаста да маңызды роль атқарады. Сондықтан қызметтік этика, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшінің жеке бет бейнесін көрсететін айна екенін ұмытпауымыз қажет.

А.Шерьязданова,
ШҚО Мемлекеттік сатып алу
және комуналдық меншік басқармасының
әдеп жөніндегі уәкілі

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Рахметов Алмас Омирхановичтың атына № ОА-II 0364627 К.Төгісов атындағы орта мектепті 1996 жылы бітіргендігі жөнінде аттестат жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.

Хабарландыру

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысының «Азаматтық бақылау» жобасын жүзеге асыру аясында Қоғамдық қабылдау бөлімі жұмыс істейді.

Сауалдарыңыз болса, жүгінулеріңізге болады: Сіздерге мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызметкердің этикалық кодексін ұстану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын орындауға қатысты барлық сұрақтар бойынша кеңес беріледі.

Қоғамдық қабылдау бөлімі күнделікті (сенбі, жексенбі күндерін қоспағанда) сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін келесі мекенжай бойынша жұмыс істейді: Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Астана көшесі, 4 үй, № 3 кеңсе. Телефон: 8 (7232) 76-58-93. Электронды пошта: kontrol_vko@mail.ru

ЖОБА

«Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 319 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабына, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы № 185 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 17100) бұйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 319 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 5345, 2017 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде, 2017 жылғы 30 желтоқсанда «Дидар», 2017 жылғы 30 желтоқсанда «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыс әкімінің аппараты, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі **Д. Ахметов**

«Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 319 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы жобасының толық мәтіні Шығыс Қазақстан облысы әкімінің akimvko.gov.kz ресми сайтында орналасқан.

Құттықтаймыз!



Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылының тұрғыны, ардақты әкеміз, немерелерінің ақылшы атасы Бауыржан Сләмғазыұлы ҚОЖАНОВТЫ 60 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Төріміздің сәні, киелі шаңырағымыздың алтын діңгегі болып, ақыл-кеңесіңізді беріп арамызда ұзақ ғұмыр жасаңыз. Аяулы анамызбен бірге немере-шөберенің қызығын көріп, шаттанып жүріңіз. Жүз жасты да бала-шағамен бірге тойлау нәсіп етсін!

Балалардың ортасында жүріңіз,
Шаттық-нұрдан айықпасын жүзіңіз.
Ақ тілекті ақ жүректен арнадық,
Аман болып, ұзақ ғұмыр сүріңіз!

Ізгі тілекпен: жары Ғалия, балалары Айбол-Ботагөз, Бауыржан-Ақбота, немерелері Расул, Мирас

«Шығыстүстімет» ЖШС

«ШҚО бойынша экология департаменті» РММ-не ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин көш., 12 мекенжайы бойынша «Шығыстүстімет» ЖШС Артемьев өндірістік кешені Николаев байыту фабрикасының техногенді минералдық құрылуларын орналастыру үшін Николаев карьерінің жер қойнауының кеңістігін пайдалану жобасын» мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолдайды.

Тыңдау

«Шығыс Қазақстан облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ «ШҚО Үржар ауданының Қабанбай ауылындағы Алакөл көлінің рекреациялық аймағының жағалауын бекіту» жұмыс жобасы бойынша 2018 жылғы қазан айының 24 күні сағат 11.00-де Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылайхан к-сі, 122 мекенжайы бойынша ашық жиналыс үлгісіндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Тел.: 8 (72330) 335-19.

Қоғамдық тыңдауды өткізуге жауапты – Гайсина З.С., тел.: 8 (7232)577-919. Қоғамның мүдделі өкілдері жұмыс жобасының қағаз түріндегі құжаттарымен мына мекенжай бойынша танысуына болады: Өскемен қ., Қазақстан к., 27, 301 кабинет.

Тапсырыс беруші: «ШҚО құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ Өскемен қаласы, Қазақстан к., 27, тел.: 8(7232) 577-919.

Әзірлеуші – «СМУ-17» ЖШС, Алматы қ., Шевчено к.,165Б, тел.: 8(727)2-377-702.

Жобаның құжаттарымен «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады www.e-priroda.gov.kz.

Тапсырыс берушінің ескертулер және ұсыныстар қабылдауға арналған электронды поштасы: stroiarhvko@akimvko.gov.kz. Ескертулер және ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізу мерзімінен 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжай бойынша қабылданады: Өскемен қаласы, Қазақстан к., 27, тел.: 8(7232)577-919, stroiarhvko@akimvko.gov.kz.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2018 жылғы 4 қазанда**, **сағат 11.00-де ШҚО, Семей қаласы, Мичурин көшесі, 79А** мекенжайында Семей қаласы «Карибжан» ЖШС-і көрсетіп отырған жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолдарды ұсыну бойынша қызметіне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітуге арналған өтінімдерді қарастыру кезінде жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Құлақтандыру

2018 жылдың 14 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өту үшін, Шығыс Қазақстан облыстық сотына сегіз бос орын бөлінген.

«Судьялыққа кандидаттың тағылымдамадан өтуі туралы» Ережесіне сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық соты ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын 2018 жылдың 15 қазанға дейін қабылдайды.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша
соттар әкімшісінің персоналды басқару бөлімі

«ШЫҒЫС-АҚПАРАТ» ЖШС САТАДЫ:

Экологиялық куәлік – 300 тг;
Куәліктің бланкісі – 200-320 тг;
Құттықтау папкалары (бумвинил) – 500 тг;
Құттықтау папкалары (баладек, балакрон) – 1000 тг;
Сызықты журналдар – 700, 1000 тг;
«Дидар», «Рудный Алтай» газеттері – 60 тг.

Телефон: 75-44-78.